

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 ақпандағы N 143 қаулысына өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 29 шілде N 945. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.07.31. N 1190 қаулысымен. ~P971190

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Италавто" бірлескен кәсіпорнының қызметіне Шетел инвестициялары туралы Қазақстан Республикасы заңын қолдану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 ақпандағы N 143 P960143_ қаулысына мынадай өзгерту енгізілсін:

2-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Италавто" бірлескен кәсіпорны импортталатын спирттен, алкоголь мен темекі бұйымдарынан басқа, импортталатын тауарлар үшін қосылған құнға салынатын салықтан және импортталатын акциздеуге жататын тауарларға акциздерден босатылсын".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және ол қабылданғанға дейін жасалған контрактілерге қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі